

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 мамыр N 629

Қорғаныс және құқық қорғау ведомстволарының оларға Алматы темір жолы көрсеткен қызметтер үшін жинақталған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Алматы темір жол басқармасының республикалық бюджетке 88 (сексен сегіз) млн. теңге сомасында қосылған құнға салынған салық бойынша берешегіне және "Бент" акционерлік қоғамының республикалық бюджетке заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша 30 (отыз) млн. теңге сомасындағы берешегіне Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құқық қорғау органдары мен мекемелерін қаржыландыру есебіне жалпы сомасы 118 (жүз он сегіз) млн. теңгеге есептеме жүргізісін, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бойынша - 80 (сексен) млн. теңге;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бойынша - 10 (он) млн. теңге;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті бойынша - 8 (сегіз) млн. теңге;

Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері бойынша - 17 (он жеті) млн. теңге;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі бас басқармасы бойынша - 3 (үш) млн. теңге.

Бұл жағдайда Алматы темір жол басқармасы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құқық қорғау органдары мен мекемелерінің Алматы темір жол басқармасы алдындағы тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтер үшін жалпы сомасы 118 (жүз он сегіз) млн. теңге кредиторлық берешектерінің барлық сомасын оның республикалық бюджетке дебиторлық берешегін өтеу есебіне 88 (сексен

сегіз) млн. теңге сомасында және "Бент" акционерлік қоғамына 30 (отыз) млн. теңге сомасында есептесін.

2. Берешектер есептемесі аталған сомаларды республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК